

Рүстембекқызы Жансаяның «Жүктілік алдындағы семіздікпен ауыратын жүкті әйелдерде қабыну медиаторлары мен темір алмасуының молекулалық маркерлерінің қауымдастығы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған 8D10100 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі — жүкті әйелдердегі анемия және семіздіктің патогенетикалық байланысы. Бұл тақырып Ұлттық ғылыми-техникалық бағдарлама мен 2020-2025 жж. арналған ғылымды дамыту тұжырымдамасына сай келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың басым бағыты – "Өмір және денсаулық туралы ғылым" шеңберінде орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері медицина ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған және гестация алдындағы семіздігі бар жүкті әйелдерді

Т.Кураев

			жүргізудің өзекті мәселесіне негізделген. Бұл жұмыстың нәтижелері гестация алдындағы семіздігі бар жүкті әйелдердің қабынуы мен анемиясын ерте диагностикалау мен болжауға, сондай-ақ анықталған қатер топтарында терапия және алдын алу тактикасын айқындауға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс аяқталған, өз бетінше орындалған ғылыми еңбекті білдіреді. Жұмысты орындау барысында диссертант зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне, клиникалық материалды теру кезінде, пациенттерді тексеру кезінде белсенді қатысты, ол өз бетінше деректер базасын құрды, статистикалық өңдеу орындады және алынған нәтижелерді түсіндірді, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар жасады. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер зерттеушінің диссертациялық жұмысты орындау процесіндегі дербестігінің жоғары деңгейін растайды
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген және ғылымды дамытудың басым бағыттарына — әрі республикалық, әрі халықаралық деңгейде — толық сәйкес келеді.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

Жури

			<p>Жұмыста Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсыныстары, бағдарламалары және концепциялары есепке алынған. Зерттеліп отырған мәселе қазіргі таңда өзекті болып табылады, өйткені анемия мен семіздік – жүкті әйелдердің денсаулығына әсер ететін маңызды әрі өзара байланысты патологиялар. Сонымен қатар, ғылыми жұмыста ресми статистикалық деректерге сілтеме жасалып, өзектілік нақты дәлелдермен негізделген. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыпқа сай логикалық тұрғыда ретімен, барлық бөлімдер өзара өзекті және логикалық байланыста жазылған. Бұл ішкі бірліктің сақталғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді, зерттеу мақсаты мен міндеттері жүйелі түрде орындалған. Жұмыстың құрылымы, логикасы және бөлімдерінің мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашып көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. Олар зерттеліп отырған ғылыми мәселенің мәнін ашуға, өзекті сұрақтарға</p>

Т.Кураев

		жауап беруге және нақты практикалық шешімдер ұсынуға бағытталған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара нақты логикалық байланысқан. Зерттеу кезең-кезеңімен жүйелі түрде ұйымдастырылған. Алғашқы кезеңде негізгі және салыстырмалы топтардың клиникалық және зертханалық сипаттамалары беріліп, статистикалық өңдеу жүргізілген. Келесі кезеңде предгестациялық семіздігі және/немесе анемиясы бар жүкті әйелдерде қабыну маркерлері мен темір алмасу көрсеткіштері зерттелген. Үшінші кезеңде алынған мәліметтерге талдау жүргізіліп, перинаталдық нәтижелермен байланысы анықталған. Соңғы кезеңде зерттеудің барлық кезеңдерінде алынған деректерге корреляциялық және регрессиондық талдау жүргізіліп, олардың арасындағы патогенетикалық байланыстар көрсетілген. Барлық бөлімдер диссертациялық жұмыстың құрылымына сәйкес логикалық реттілікте орналасқан.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми деректерге сыни талдау жүргізілген. Диссертант регрессия әдісін қолдана отырып,
	1) сыни талдау бар;	

Журиш

		<p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>предгестациялық семіздігі бар жүкті әйелдерде анемияның даму қаупіне ықпал ететін негізгі факторларды анықтаған. Зерттеу нәтижесінде гепсидин, интерлейкин-6 С-реактивті ақуыз, ферритин және эритропоэтин сияқты биомаркерлердің анемиямен статистикалық тұрғыда мәнді байланысы анықталған. Алынған мәліметтер анемия дамуын жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді, бұл темір алмасуы мен қабыну көрсеткіштерін жүктілікке дейінгі кезеңде бақылаудың маңыздылығын дәлелдейді. Зерттеу жұмысы семіздіктің төмен дәрежелі созылмалы қабыну үдерісі арқылы темір метаболизмін бұзып, анемияның патогенезіне әсер ететінін көрсетті. Бұл деректер Қазақстан популяциясы үшін маңызды патогенетикалық механизмді сипаттайды және аурудың алдын алу мен ерте диагностикасына арналған жаңа клиникалық тәсілдерді әзірлеуге негіз болады. Жұмыс нәтижелерін клиникалық тәжірибеге енгізілгенін растайтын акт рәсімделген. Зерттеу нәтижелері Қарағанды облысының №1 Перинаталдық</p>
--	--	---	--

Журиш

			орталығының акушерлік–гинекологиялық тәжірибесіне және №1 Студенттік емханасының гинекологиялық тәжірибесіне енгізілді, онда жүктілікке дейінгі семіздікпен ауыратын жүкті әйелдерде анемияның алдын алу үшін темір және қабыну маркерлерін бағалау жүргізіледі (Енгізу акті 22 сәуір .2024ж. және 04 қараша 2024ж).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады. Алғаш рет Қазақстандық популяция арасында предгестациялық семіздігі бар жүкті әйелдердегі анемияның даму механизмдері темір алмасу және қабыну маркерлерінің (гепсидин, интерлейкин-6, С-реактивті белок, ферритин, эритропоэтин) деңгейлерін зерттеу арқылы кешенді түрде бағаланды. Зерттеу нәтижесінде қабыну маркерлері мен анемия арасындағы айқын байланыстар анықталды. Бұл биомаркерлердің диагностикалық және болжамдық құндылығы логистикалық регрессиялық модель арқылы дәлелденді. Алынған мәліметтер темір тапшылығына байланысты анемияны ерте анықтауға және алдын алу шараларын дер кезінде ұйымдастыруға</p>

Жүрші

			<p>мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер және олардың жоғары деңгейдегі жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертацияға толықтай сәйкес келеді</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертант жүргізген ғылыми зерттеу нәтижесінде жоғары дәрежелі жаңалықпен логикалық негізделген қорытындылар тұжырымдады</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Автор ұсынған болжамдық модель және патогенетикалық алгоритм сияқты негізделген жаңа әдістер семіздікпен байланысты анемияны диагностикалау және болжауға арналған құралдар ретінде ұсынылады; жүкті әйелдердің қатер топтарын уақтылы анықтауға, терапия мен профилактика тактикасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы жаңа әдістер жүкті әйелдерді жүргізу бойынша скринингтік бағдарламаларды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары негізделген, салмақты және дұрыс болып табылады.</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін.</p>	<p>Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары негізделген, салмақты және дұрыс болып табылады.</p> <p>Қорытындылардың дұрыстығы қойылған мақсаттар мен міндеттерге, зерттеу әдіснамасына,</p>

Журиш

			материалдың жеткілікті және статистикалық негізделген көлеміне, автор қолданған зерттеудің клиникалық әдістерінің жиынтығына толықтай сәйкес екендігі расталады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертацияда көрсетілген және қорғауға ұсынылған барлық негізгі ережелер:</p> <p>-дәлелденген</p> <p>-тривиальды емес</p> <p>-жаңа</p> <p>-қолдану деңгейі-кең</p> <p>-автордың мақалаларында дәлелденген</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 4 ғылыми мақалада баяндалған, оның ішінде 3 мақала ҚР БҒМ ұсынған журналдарда, ал біреуі Scopus және Clarivate Analytics деректер базасына кіретін басылымда жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыс жеткілікті клиникалық

Т.Құрман

Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	материалда орындалған. Әдіснама «Материалдар мен әдістер» бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталған. Әдіснаманы таңдау дұрыс негізделген.
	2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс статистикалық талдаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, әрбір міндет үшін тиісті дизайнды пайдалана отырып жүргізілген. Зерттеудің әдістемесі мен әдістері негізделген және диссертацияның мақсатына толықтай сәйкес келеді, нақты жазылған деп санаймын
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми әдістерді қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында диссертант биомаркерлерді анықтау үшін жоғары дәлдіктегі зертханалық
	1) ия;	технологияларды
	2) жоқ.	(ELISA), сондай-ақ логистикалық регрессия, ROC-талдау сияқты статистикалық модельдерді қолданып, мәліметтерді өңдеуде қазіргі буынның ғылыми-статистикалық бағдарламаларын (SPSS Statistics 30.0.0.0) тиімді пайдалана білді. Бұл ғылыми тәсілдердің дұрыс таңдалуы алынған нәтижелердің сенімділігі мен жаңалығын арттырады

Т.Кураш

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Қорғауға ұсынылған қорытындылар мен негізгі ережелер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар автордың өзіндік зерттеу нәтижелерімен расталады және өзара логикалық түрде байланысты
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертация авторының маңызды ғылыми тұжырымдары өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы дәлелденген. Әдеби шолу бөлімінде де, зерттеу нәтижелерін талқылау барысында да заманауи отандық және шетелдік дереккөздер кеңінен қолданылған. Бұл жұмыстың ғылыми негізділігі мен алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста барлығы 193 әдеби дереккөз пайдаланылған, олардың 153-і әдеби шолу бөлімінде қолданылған. Бұл саны жеткілікті болып табылады және зерттеліп отырған мәселенің тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Жұмыстың теориялық маңыздылығы зор, нәтижелер медицинаның басқа салаларында, сондай-ақ медицина кадрларын даярлау кезіндегі оқу процесінде пайдалануға болады.

Журиш

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады және темір алмасу мен қабыну маркерлерін бағалау арқылы жүктілікке дейінгі семіздігі бар жүкті әйелдерде анемияны ерте анықтау мен оның алдын алуға бағытталған. Бұл тәсіл анемияның даму қаупін жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді және әрбір жүкті әйелге жеке диагностикалық және емдеу жоспарын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері перинаталдық асқынулардың (гестациялық диабет, гипертензия, ірі ұрық, иық дистоциясы, төмен Апгар балы) даму қаупін бағалауда қолдануға негіз болады. Алынған мәліметтер клиникалық тәжірибеде қолдануға жарамды және еліміздегі акушерлік-гинекологиялық тәжірибені жетілдіруге өз үлесін қоса алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңашыл сипатта болып табылады және жүктілікке дейінгі семіздігі бар әйелдерде анемияны ерте диагностикалау арқылы перинаталдық асқынулардың алдын алуға, сондай-ақ қабыну мен темір алмасу маркерлерін бақылау</p>

Түрпү

			арқылы патологияның даму қаупін төмендетуге бағытталған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс классикалық ғылыми стильде, сауатты және нақты тілмен жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары, мәтінде ғылыми ұғымдар дәл және қисынды баяндалған. Жұмыстың құрылымы жүйелі, терминология ретімен қолданылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		<u>Диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын төмендететін принципті ескертулер жоқ. Алайда болашақ зерттеулерде ескеруге болатын кейбір ұсыныстарды келтіруге болады. Диссертантта ғылыми жұмыстың нәтижелерін тәжірибеге енгізу туралы ресми акт бар. Зерттеу «8D10100 – Медицина» бағыты бойынша қорғалатын болғандықтан, диссертацияда алынған практикалық нәтижелерді – диагностикалық қана емес, скринингтік алгоритм түрінде – ұсыну өте орынды әрі пайдалы болар еді. Бұл зерттеу нәтижелерін клиникалық практикада қолдануды жеңілдетіп, нақты қадамдарды айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, болашақ зерттеулерде зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігін арттыру үшін</u>

Т. Курман

			<u>Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінен пациенттер мен бақылау тобын қамтуды ұсыныс жасауға болады</u>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<u>Диссертациялық жұмыс аясында орындалған ғылыми еңбектер (мақалалар, тезистер) жоғары ғылыми деңгейге ие</u>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<u>Сонымен, Рүстембекқызы Жансаяның «Жүктілік алдындағы семіздікпен ауыратын жүкті әйелдерде қабыну медиаторлары мен темір алмасуының молекулалық маркерлерінің қауымдастығы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған 8D10100 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қарастыра келе, ұсынылған жұмыстың аяқталған өзіндік ғылыми жұмыс екенін атап өткім келеді. Диссертациялық жұмыс ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, практикалық</u>

Журич

			<p><u>ҚҰНДЫЛЫҚ,</u> <u>академиялық адалдық</u> <u>қағидаттарын сақтай</u> <u>отырып</u> <u>орындалғанына</u> <u>байланысты ҚР БҒМ</u> <u>«Дәреже беру</u> <u>ережелері» болып</u> <u>табылатын талаптарға</u> <u>толықтай сәйкес келеді</u> <u>және оның авторы</u> <u>философия докторы</u> <u>(PhD) ғылыми</u> <u>дәрежесіне лайық.</u> <u>Рүстембекқызы</u> <u>Жансаяны философия</u> <u>докторы (PhD) ғылыми</u> <u>дәрежесін алу үшін</u> <u>Комитетке өтініш</u> <u>беруді ұсынамын.</u></p>
--	--	--	---

Ресми рецензент:

Медицина ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
№2 ішкі аурулар кафедрасының жетекшісі,
«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» КеАҚ,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.
Маресьева, 68 көшесі, 030019
E-mail: Gulnara.Kurmanalina@mail.ru



Курманалина Гульнара Лукпановна

